

**«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған  
Шалабаев Кусман Каримовичтің «Зайырлы мемлекеттегі дін мен дәстүр  
сабактастығы» тақырыбында жазылған  
диссертациялық жұмысына ресми**

**СЫН-ПКР**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.**

Көпүлтты әрі көпконфессиялы Қазақстанның қауіпсіздігі мен өркендеуі бәрінен бұрын Негізгі Занды, әсіресе, оның конституциялық зайырлы негіздерін ұстану арқылы анықталады.

Біздің елімізде жергілікті тарихи, ұлттық-мәдени ерекшеліктерді есепке ала отырып, өзіндік зайырлы мемлекет моделі қалыптасқан. Діни-мәдени қайта жаңғыру шарттарында зайырлы мемлекет үшін өзара ықпалдастық, діни әрі ұлттық компоненттердің үйлесім табуы өте өзекті.

Бұған қоса, қазіргі уақытта Қазақстанда еліміздің зайырлы ұстанымдарын терістеп, діни-теократиялық басқару жүйесін енгізуі жақтайтын деструктивті діни ағымдардың идеологиясы мен тәжірибесі таралуда. Одан бөлек, олар дәстүрлі құндылықтарды, ұлттық болмыс пен бірегейлікті жоққа шығаруда.

Бұл диссертациялық жұмыста әлемдегі зайырлы мемлекет моделдерінің түрлері толық ашылып, зайырлылық пен атеизмнің бір-бірінен мүлдем бөлек түсініктер екені көрсетілген. Диссидент демократия, адам құқы мен бостандығы, діни толеранттылық, бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етуге, ұлттық және діни құндылықтар, салт-дәстүрдің консенсусына мемлекеттің зайырлы типі толық жағдай жасағанын дәлелдеген. Осы себепті диссертация жұмысының тақырыбы өзекті, әлеуметтік түрғыдан мәнді екенін сөзсіз.

**2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Бірінші нәтижеде зайырлылық ұғымының шығу төркінін анықтаған; мемлекет пен дін қатынастары батыс европада қоғамдық-саяси kontekste пайда болып, кейіннен әлемге тарағанын, Батыста мемлекет пен дін қатынастары Ағарту дәуірінен кейін қарқынды дамып, ширал, жүйелене түскенін нақтылаған. Зайырлы ұлгілерді талдап көрсеткен.

Екінші нәтижеде зайырлы мемлекеттің негізгі белгілері: бейтараптық, еркіндік және дискриминацияға жол бермеу, сенім және ар-ождан бостандығы, діни идеялар мен институттардан мемлекеттің тәуелсіздігі, наным-сеніміне қарамастан адамдардың тендігі екенін тұжырымдан көрсеткен.

Үшінші нәтижеде Қазақтың әдет зандарына ислам дінінің тигізген ықпалын саралаған. Қазақ әдет-ғұрып құқығы нормаларының тарихи

нысандарына: бидің билігі, ханың жарлығы, ереже, жолдар және жүртшылықты жатқыза отырып, ерте кездегі қазақ заңдарын талдаған.

**Төртінші нәтижеде** Қазақстанның зайырлы сипатының өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсеткен. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңың нормаларындағы сенім бостандығы, діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлек болуы, мемлекеттік немесе жалпыға міндетtelген арнайы діnnің болмауы, діни ұйымдардың заң алдындағы теңдігі, кейбір әлеуметтік мәселелерді шешуде мемлекет пен діни ұйымдардың өзара әрекеттестігі секілді мәселелер олардың нақты белгілері ретінде көрсетілген.

**Бесінші нәтижеде** Қазақстанның мемлекет пен дін қатынастарында және конфессияаралық қатынастарда байыпты саясат жүргізуі талданған. Оның негізінде либералды заңнама, толеранттылық және плюрализм жатқаны көрсетілген. Ханафи мәзнабында әдет-ғұрыптың алатын орнын нақтылаған.

**Алтыншы нәтижеде** Қазақстанның тарихи контекстілік және мәдени этикалық ерекшелігі қазақ мәдениетінде ислам құндылықтарының кеңінен таралуына оңтайлы әсер еткені тұжырымдалған. Дін мен дәстүр сабактастығының нақты мысалдары талданған.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері бір-бірімен тығыз байланысты. Әр ғылыми нәтиже келесі ғылыми нәтиженің мәнін ашуға себепші, әрқайсысы теориялық негізделген, практикалық тұрғыда қарастырылған, сонымен толық қорытынды жасалған.

### **3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

**Бірінші ғылыми нәтиже** анық және дәлелденген болып табылады. Диссертациялық ізденіс барысында алынған нәтижелердің дәлелдігі зайырлы ұғымының Батыста пайда болуына баса назар беріліп, осы бағыттағы көптеген негізгі еңбектерге сүйене отырып, көзқарастарын дәйектей білген.

**Екінші ғылыми нәтиже** анық және дәлелденген. Зайырлы мемлекеттің негізгі белгілері: бейтараптық, еркіндік және дискриминацияға жол бермеу, сенім және ар-ождан бостандығы, діни идеялар мен институттардан мемлекеттің тәуелсіздігі, наным-сеніміне қарамастан адамдардың теңдігі екенін нақты дәйектермен тұжырымдап көрсеткен.

**Үшінші ғылыми нәтиже** анық және дәлелденген болып табылады. Қазақтың әдет заңдарына ислам шарифатының тигізген ықпалын саралауда, Қазақ әдет-ғұрып құқығы нормаларының тарихи нысандарына: бидің билігі, ханың жарлығы, ереже, жолдар және жүртшылықты жатқыза отырып, ерте кездегі қазақ заңдарын талдауда тиісті авторлар мен еңбектерге дұрыс сілтеме жасай білген.

**Төртінші ғылыми нәтиже** нақты негізделген. Қазақстанның зайырлы сипатының өзіндік ерекшеліктерін дәйекті түрде ашып көрсеткен. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңың нормаларындағы сенім бостандығы, діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлек болуы, мемлекеттік немесе жалпыға міндетtelген арнайы діnnің болмауы, діни ұйымдардың

заң алдындағы тенденция, кейбір әлеуметтік мәселелерді шешуде мемлекет пен діни ұйымдардың өзара әрекеттестігі секілді мәселелер олардың нақты белгілері ретінде көрсетілген.

**Бесінші ғылыми нәтиже** нақты дәйекті. Қазақстанның мемлекет пен дін қатынастарында және конфессияаралық қатынастарда байыпты саясат жүргізуін, оның негізінде либералды заңнама, толеранттылық және плюрализм жатқанын нақты дәйектей білген. Әдет-ғұрып Ханафи мәзhabында шарифи үкім шығаруда екінші кезектегі дәлелдер қатарында екенін нақтыладап көрсеткен.

**Алтыншы ғылыми нәтиже** нақты және негізделген болып табылады. Қазақстанның тарихи контекстілік және мәдени этикалық ерекшелігі қазақ мәдениетінде ислам құндылықтарының кеңінен таралуына оңтайлы әсер еткені, дін мен дәстүр сабактастығының нақты мысалдары дәлелді түрде талданған.

#### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

**Бірінші ғылыми нәтиже** салыстырмалы түрде жаңа болып табылады. «Зайырлылық» түсінігінің мәні ашылды, Батыста мемлекет пен дін қатынастары Ағарту дәуірінен кейін қарқынды дамып, ширап, жүйелене түскені көрсетіліп, оның өзіндік моделдері анықталды.

**Екінші ғылыми нәтиже** салыстырмалы жаңа болып табылады. Зайырлы мемлекеттің негізгі белгілері: бейтараптық, еркіндік және дискриминацияға жол бермеу, сенім және ар-ојдан бостандығы, діни идеялар мен институттардан мемлекеттің тәуелсіздігі, наным-сеніміне қарамастан адамдардың тенденциясы екені нақтыланған.

**Үшінші ғылыми нәтиже** салыстырмалы жаңа болып табылады. Қазақтың дала заңдарына діннің, атап айтқанда, ислам дінінің ықпалы ашылған.

**Төртінші ғылыми нәтиже** салыстырмалы жаңа болып табылады. Қазақстанда мемлекет пен дін қатынасы бейтараптық, тенденциялық, толеранттылық, ашық сипатқа ие.

**Бесінші ғылыми нәтиже** салыстырмалы жаңа болып табылады. Қазақстан үшін дәстүрлі саналатын Сунниттік, оның ішінде Ханафи мәзhabы. Әдет-ғұрып Ханафи мәзhabында шарифи үкім шығаруда негізгі дәлелдерден кейінгі кезекте қарастырылатыны нақты дәлелдермен көрсетілген.

**Алтыншы ғылыми нәтиже** салыстырмалы жаңа болып табылады. Қазақ мәдениетіне ислам діннің ықпалы нақты ашылып, дін мен дәстүр сабактастығының нақты үлгілері тұжырымдалған.

#### **5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.**

Шалабаев Кусман Каримовичтің диссертациялық жұмысы өзекті болып табылады және бұл зерттеудің негізгі қорытындылары мен ұсыныстары мемлекеттік-конфессионалдық қатынастарды, зайырлылықты және дін мен

дәстүрді кешенді зерттеудегі бос кеңістікті толықтырады, сонымен қатар, дінтану ғылымдарда аталған проблематиканы теренірек қарастыру үшін, Қазақстан Республикасы үшін зайырлылық концепциясы мен ұлгісін анықтауға, мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың қазақстандық ұлгісін даярлауға үлесін қоса алады.

Сонымен бірге, диссертацияда жаңалықтар мен тұжырымдарды дінтану және исламтану мәселелері бойынша өткізілетін арнайы курстарда дәріс окуға, сараптама жасауға қолдануға болады.

## **6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Философия және саясаттану факультеті, Дінтану және мәдениеттану кафедрасында орындалды. Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 9 ғылыми мақалада көрініс тапты, соның ішінде ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған саяси, философиялық және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялауға арналған «ҚазҰУ Хабаршысы» журналында – 2 ғылыми мақала, «Адам әлемі» журналында – 1 мақала, «Әл-Фараби» журналына 1 ғылыми мақала жарияланып, нөлдік емес импакт факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетелдік журналда жарияланған ғылыми мақала – 1, халықаралық ғылыми конференциялар материалдарының арнайы жинақтарында – 4 ғылыми мақала (оның ішінде, 1 мақала шетелдік баспада) басылып шықты.

## **7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Диссертациялық жұмыстың ғылыми дәрежесі жоғары, сапалы және тұтастанған ғылыми еңбек бола тұра онда кейбір кемшіліктер орын алған деген пікірдеміз.

1. Диссертацияның кейбір параграфтары сәйкеспейді.
2. Кейбір бөлімдердің сонында диссертант қорытынды берменті.
3. Қорытынды нақты құрылымданбаған, реферат формасына жақындау.
4. Діни бірлестіктер мен конфессиялар саны турасында келтірген кейбір статистикалық мәліметтері ескілеу.
5. Жұмыста кей жерлерінде баяндау стилі басымдау, арасында емделік қателер кездесіп тұрады.

Алайда аталған кемшіліктер К.К. Шалабаевтың зерттеу жұмысының құндылығын, мазмұнын, ғылыми нәтижелерін теріске шығармайды, жұмыстың ғылыми мәртебесін, сапасын төмендетпейді.

## **8. Диссертация мазмұнының ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Диссидентант К.К. Шалабаев «Зайырлы мемлекеттегі дін мен дәстүр сабактастығы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны «Ғылыми дәреже беру ережесінің» талаптарына толық сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс теориялық-әдіснамалық жоғары деңгейде орындалған.

Шалабаев Кусман Каримович «6D020600-Дінтанду» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толықтай лайықты деп есептеймін.

**Ресми сын-пікір беруші:**

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
Академиясының профессоры,  
философия ғылымдарының докторы, доцент

2020 ж. «08» 07



Г.Ж. Жұманова

